



БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

Алматы қаласы

2021 жылдың 31 мамыры

KASE акционерлердің жылдық жалпы жиналысын өткізді және Биржаның Директорлар кеңесінің жаңа құрамын анықтады

2021 жылдың 31 мамырында "Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE, Биржа) сырттай дауыс беру арқылы акционерлердің жылдық жалпы жиналысын қорытындылады.

Биржа акционерлерінің жиналысы барысында бірқатар шешімдер енгізілді, оның ішінде:

- Биржаның 2020 жылға арналған Жылдық есебінде баяндалған 2020 жылға қызметі туралы ақпарат назарға алынсын;
- Биржаның 2020 жылға арналған жеке және шоғырландырылған жылдық қаржылық есебі бекітілсін;
- Биржаның таза табысы бөлінбей, оны дамытуға жұмсалсын;
- 2021 жылға Биржаның шоғырландырылған және жеке қаржылай есептілігіне аудит жүргізу мақсатында аудиторлық ұйым болып "BDO Kazakhstan" ЖШС анықталсын;
- 2020 жылы Биржа акционерлерінің Биржаның әрекетіне және оның лауызымды тұлғаларына шағымы жоқ екендігі турлы ақпарат назарға алынсын.

KASE акционерлері сондай-ақ Биржаның Директорлар кеңесінің (ДК) сандық құрамын анықтады – 10 адам, оның ішінде ДК сайланған мүшелерінің өкілеттік мерзімін анықтады – 2023 жылға KASE жылдық қаржылық есептілігін қарастыруға арналған Биржаның АЖЖЖ өткізу сайланған күннен бастап:

- Директорлар кеңесінің үш сайланбайтын мүшелері (Қазақстан Республикасының "Бағалы қағаздар нарығы" туралы заңының 84 бабы 4 тармағы негізінде қаржы ұйымдарын рттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі өкілетті органның өкілі және Биржа Жарғысының 17 бабы 3 тармағы 2) тармақшасы негізінде Биржа Басқармасы Төрағасы (лауазым бойынша) өкілі);
- Биржа акционерлерінің мүддесінің төрт өкілі;
- Биржаның үш тәуелсіз директоры.

KASE акционерлері мүдделерінің өкілдері болып табылатын ДК мүшелері - Абдразаков Е.С., Дронин А.В., Марич И.Л., Салимов Е.И.

Ельдар Абдразаков, CEO және Сентрас компаниялар тобының акционері Kazakhstan Growth Forum, ҚР ҰКП жанындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру жөніндегі Кеңестің және экономиканы трансформациялау жөніндегі жеке сектордың бастамасын басқарады.

Александр Дронин, "BCC Invest" АҚ басқармасы төрағасының орынбасары, қаржы нарығында 20 жылдан астам еңбек етуде, оның ішінде лауазымды қызметтерде. Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылады – "КСЖ "Standard Life" АҚ тәуелсіз директоры.

Игорь Марич, "Мәскеу Биржасы ММВБ-РТС" БАҚ сату және бизнесті дамыту жөніндегі басқарушы директоры, "Ұлттық товар биржасы" АҚ Қадағалау кеңесінің төрағасы.

Ертай Салимов, "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ Басқарма төрағасының орынбасары, басқарма мүшесі.

KASE акционерлері ДК мүшелерін, Биржаның тәуелсіз директорларын сайлады – Ян Виллемс, Израели Дорон, Елемесов А.Р.

Ян Виллемс, Clearstream (Люксембург) жахандық нарығының атқарушы директоры, бұрын ТМД және Нидерланды елдері бойынша бөлімшесінің вице-президенті болған. Deutsche Bank (Шотландия), BISYS Fund Services (Ирландия) және Euroclear Bank (Бельгия) жұмыс істеді.

Дорон Израели, Назарбаев университетінің Бизнес жоғары мектебінің профессоры. Стэнфорд университетінің PhD дәрежесіне ие болған. Сертификатталған аудитор (CPA, Израиль), Израиль Бағалы қағаздар жөніндегі басқармасында жұмыс істеген (ISA).

Асқар Елемесов, "Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы" АҚ стратегиялық жоспарлау және корпоративтік даму комитетінің төрағасы, бұрын ҚР Ұлттық Банкі төрағасының орынбасары қызметін атқарған, ҚР Қаржы министрлігінің вице-министрі.

2020 жылға аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілігіне сәйкес KASE тобының қаржы-шаруашылық қызметі 2020 жылы келесі көрсеткіштермен сипатталады:

- кірістері 5,6 млрд теңгені құрады, ол өткен жылдың қорытындысымен салыстырғанда 1,3 млрд теңге немесе 32,5 % жоғары. Қызметтер мен комиссиялар бойынша кіріс 3,2 млрд теңгені құрады, 682,9 млн теңгеге немесе 27,6 % артып, пайыздық кірісі 699,5 млн теңге немесе 39,4 % артып, 2,5 млрд теңгені құрады;
- шығыны 2,5 млрд теңгені құрады және өткен жылмен салыстырғанда 656,4 млн теңгеге артты немесе 35,9 %;
- 2,9 млрд теңге таза табыс алды, ол өткен жылмен салыстырғанда 32,0 % жоғары;
- 2019 жылмен салыстырғанда активтер 21,2 есе өсіп, 1 505,8 млрд теңгені құрады. Активтер мен міндеттемелерінің айтарлықтай өсімі Биржа орталық контрагент (ОК) қызметін атқарады биржада жасалған сауда-саттық мәмілесі бойынша тарапы бола тұрып, олардың орындалуына нетто-негізде кепілдік береді;
- міндеттеме көлемі 24,9 есе өсіп, 17,0 млрд және 1 490,0 млрд теңгені құрады, олардың 95,6 % (1 423,7 млрд теңге) қор нарығында репо операциялары бойынша міндеттемелерін құрайды, 4,3 % (64,7 млрд теңге) орталық контрагент ретінде KASE шоттарында аллотталған кепілдік жарналарын және клирингтік қатысушыларды қамтамасыз етеді және 0,09 % (1,4 млрд теңге) – валюталық операциялар бойынша ОК міндеттемелері.

KASE 2020 жылғы қызмет қорытындысы бойынша сауда-саттық үшін жиынтық сауда-саттық көлемі 2019 жылға қарағанда тұрақты болып қалды және 118 трлн теңгені құрады.

2019 жылмен салыстырғанда 49 % артқан бағалы қағаздар нарығы 7,9 трлн теңгеге жетті. Жасалған мәміле саны 2 еседей артты (~205 мың мәміле).

Өзара қор нарығында ЗЖҚ сауда-саттық көлемінің сенімді өсуі байқалды, жылдың аяғында оның құны 22 есеге артып, 20,3 млрд теңгені құрады. МБҚ нарығында сауда-саттық көлемі 2,6 есе артты. Сонымен қатар, МБҚ қайталама нарығы белсендендірілді, өсімі 2,4 есе артты.

Акциялар нарығында сауда-саттық мәмілесінің көлемі 35 млрд теңгеге немесе 17 % дейін артып, 238 млрд теңгені құрады, мәміле саны 1,9 есе өсті. Акциялар нарығын қаржыландыру бір жылда 11 % артып, 9,1 трлн теңгені құрады, KASE саудаланған корпоративтік борыш 21,2 % дейін өсіп, 14,7 трлн теңгені құрады.

2020 жылы Биржа бірқатар жобаларды жүзеге асырды, оның ішінде:

- қор нарығындағы сауда-саттық ASTS + сауда-саттық клирингтік жүйесіне ауыстырылды, оның ішінде сатып алу-сату және репо нарығы режимдеріндегі қор нарығының барлық қаржы құралдары, алу-сату және репо операцияларын неттингілеу трейдерлерге қол жетімді болды;
- KASE валюталық нарығында ASTS+ сауда-саттық клирингтік жүйесіне ауысу жобасы іске асырылды. Валюталық нарықта биржадан тыс нарықтың теңдесі болып табылатын келісілген мәмілелер режимі және АҚШ долларына жеткізілетін фьючерстер пайда болды;
- нарықтық мәліметтерді және индекстерді қарау және "Биржевой симулятор" жобасы аясында оқу сауда-саттық өткізу мүмкіндігімен KASE Mobile мобильдік қосымшасын табысты іске қосылды;
- Қазақстан қаржы нарығында жаңа тәуекелсіз бенчмарк болып табылатын, TONIA қаржы нарығының негізгі жаңартылған индикаторы енгізілді;

- негізін қалаушы нормалар, қағидалар, ережелер мен тәсілдерді анықтау мақсатында тұрақты даму Саясаты әзірленді, оны Биржа тұрақты даму саласында басқару жүйесін құруда ұстауы тиіс;
- Биржаның "Web-Quotes" ақпараттық өнімінің клиенттері үшін электронды жазылу әдісі енгізілді – KASE веб-сайтында сауданы нақты уақыт режимінде қарау;
- жыл бойы еліміздегі кәсіпкерлерге, халыққа, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері үшін қаржылық сауаттылығын арттыру мақсатында оқыту шаралары өткізілді.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия аймағындағы жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД қор биржаларының арасында екінші орын, ал FEAS қор биржаларының арасында нарықтық капиталдандыру деңгейінде алтыншы орын алады.

Бұл – репо нарығының құралдары, шетел валюталары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, сондай-ақ туынды қаржы құралдар үшін әмбебап сауда-саттық алаңы болып табылады. KASE Биржа федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалар федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби қауымдастықтарының мүшесі, сондай-ақ БҰҰ-ның "Қор биржасы тұрақты даму үшін" бастамасының қатысушысы болып табылады.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz.